

8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Реметова Назигуль Сериковнаның «Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысою шикізатының (*Xanthium strumarium* L.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Итжанова Хорлан Искожиевнаның

ПІКІРІ

Реметова Назигуль Сериковна 2001 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетін бітірген.

2016–2017 жылдары «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» РМК «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша магистратурада оқып, оқуды аяқтағаннан кейін техника және технология магистрі дипломын алды.

2022-2025 жылдар аралығында КеАҚ «Қарағанды медициналық университетінің» 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқыды.

Докторантурада оқу барысында Реметова Назигуль Сериковна фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, атап айтқанда стоматологиялық пленка алу бағытында жақсы базалық білім көрсетті.

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде көлемді эксперименттік зерттеулер кешені жүргізілді. Атап айтқанда, өсімдік шикізатын ультрадыбыстық әсермен экстракциялау, қою экстракт алу және оның химиялық құрамын ЖТСХ әдісімен талдау, алынған экстракттардың микробқа қарсы белсенділігін зерттеу стоматологиялық пленка үшін оңтайлы құрамды таңдау, әзірленген дәрілік түрдің физика-химиялық, биофармацевтикалық және тұрақтылық көрсеткіштерін анықтау, сақтау мерзімін белгілеу және сапа спецификациясын әзірлеу жұмыстары толық көлемде орындалды.

Ғылыми - зерттеулердің нәтижесінде алғаш рет:

- алғаш рет Қазақстанда өсетін *Xanthium strumarium* L. дәрілік өсімдік шикізатының сапа көрсеткіштері мен фармакогностикалық талдау жүргізіліп, нормативтік құжаттардың жобалары әзірленді;
- алғаш рет Қазақстан аумағында *Xanthium strumarium* L. шөбінің шикізат қорын анықтау жүргізілді;
- алғаш рет УДЗ көмегімен *Xanthium strumarium* L. экстрактыларын алу әдісі жасалды;
- алғаш рет ультрадыбыстық әдісті қолдану арқылы алынған кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) қою экстрактысының тәжірибелік үлгілерінің микробқа қарсы, қабынуға қарсы және антиоксиданттық әсері зерттелді;

- алғаш рет кәдімгі сарысояудың (*Xanthium strumarium* L.) қою экстрактысы негізінде стоматологиялық пленка түріндегі жаңа дәрілік түріндегі құрамы жасалды;

- алғаш рет кәдімгі сарысоя (*Xanthium strumarium* L.) негізінде әзірленген дәрілік түрдің сапасын бақылау әдістері әзірленіп, сақтау мерзімі мен сақтау шарттары анықталды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы «Микробқа қарсы агент ретінде *Xanthium strumarium* L. (кәдімгі сарысоя) пайдалану» өнертабысы Қазақстан Республикасының 15.08.2025 жылғы № 9875 пайдалы модель патентімен расталды.

Докторант диссертациялық зерттеуді орындау барысында өзін дербес ғылыми ойлай алатын, мақсатқа бағытталған, жауапкершілігі жоғары зерттеуші ретінде көрсетті. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін ғылыми әдебиеттердің кең ауқымын, заманауи зерттеу әдістері мен инновациялық технологияларды тиімді қолданды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша барлығы 10 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде: 1 пайдалы модельге патент, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы 2 мақала, Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 2 мақала (Q2, 50%), халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған 4 тезис пен мақала және 1 баяндама бар.

Реметова Назигуль Сериковна еңбекқорлығымен, өзіне қоятын жоғары талаптарымен, сыни ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарын орындаудағы ұқыптылығымен және алынған нәтижелерді жан-жақты талдай білуімен ерекшеленеді.

Реметова Назигуль Сериковнаның «Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысоя (*Xanthium strumarium* L.) шикізаты негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және стандарттау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны жағынан толық аяқталған, ғылыми талаптарға сай орындалған және 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Автор философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

«Қарағанды медициналық университеті» КеАК
фарм.ғ.д., қауымд. профессор,
фармация мектебінің профессоры

